



«Бекітемін»
Қазақстандық Кітапханалық Одақ
Төрайымы
Б. Оспанова
2020 ж.

**«ҚАЗАҚСТАННЫҢ ҚҰРМЕТТІ КІТАПХАНАШЫСЫ»
төсбелгісімен марапаттау туралы
Е Р Е Ж Е**

1. Жалпы ережелер

1.1. Қазақстандық Кітапханалық Одақ бастамасымен «ҚАЗАҚСТАННЫҢ ҚҰРМЕТТІ КІТАПХАНАШЫСЫ» төсбелгісімен марапаттау туралы осы Ереже кітапхана қызметкерлерін еліміздің кітапхана ісі саласын дамытуға қосқан елеулі үлесі мен ұзақ жылғы адал қызметі үшін марапаттау мақсатында әзірленді. «Қазақстанның құрметті кітапханашысы» еңбек қызметінде жоғары нәтижелерге қол жеткізген және кітапхана саласында кемінде 3 жыл жұмыс өтілі бар қызметкерлер марапатталады.

1.2. «ҚАЗАҚСТАННЫҢ ҚҰРМЕТТІ КІТАПХАНАШЫСЫ» төсбелгісімен марапаттау мемлекеттік және кәсіби мерекелерде: ҚР Тәуелсіздік күні, Мәдениет және өнер қызметкерлері күні және басқа да ерекше жағдайларда жүзеге асырылады.

2. Марапаттау шарттары

2.1. «ҚАЗАҚСТАННЫҢ ҚҰРМЕТТІ КІТАПХАНАШЫСЫ» төсбелгісімен марапаттауды Қазақстандық Кітапханалық Одақ төрағасы бекіткен Қазақстандық Кітапханалық Одақтың Марапаттау комиссиясы (әрі қарай - Комиссия) жүзеге асырады.

2.2. «ҚАЗАҚСТАННЫҢ ҚҰРМЕТТІ КІТАПХАНАШЫСЫ» төсбелгісімен марапатталған тұлғаларға осы Ереженің 2-Қосымшасына сәйкес бекітілген үлгідегі куәлік беріледі.

2.3. «ҚАЗАҚСТАННЫҢ ҚҰРМЕТТІ КІТАПХАНАШЫСЫ» төсбелгісі кеуденің сол жағына тағылады, Қазақстан Республикасының мемлекеттік наградалары болған жағдайда олардан кейін орналасады.

2.4. Марапаттау қайталап жүргізілмейді.

3. Марапаттауға ұсыну және оны қарастыру тәртібі

3.1. Комиссияға төмендегі құжаттар тапсырылады:

1) кандидаттың нақты сіңірген еңбегі, жетістіктері мен табыстары туралы ақпараттар көрсетілген кітапхана басшылығынан ұсыныс-мінездеме

2) Кандидатты ұсынған ұйым басшысының қолы мен мөрі қойылған награда қағазы (№1 Қосымша);

3.2. Марапаттау құжаттары Комиссияға марапаттауға дейін бір айдан кешіктірілмейтін мерзімде жіберілуі тиіс. Белгіленген мерзімнен кешіктірілген құжаттар қарастырылмайды

3.3. «ҚАЗАҚСТАННЫҢ ҚҰРМЕТТІ КІТАПХАНАШЫСЫ» төсбелгісімен марапаттау комиссияның шешімімен жүзеге асырылады.

4. Қорытындылау және марапаттау

4.1. «ҚАЗАҚСТАННЫҢ ҚҰРМЕТТІ КІТАПХАНАШЫСЫ» төсбелгісін табыстау салтанатты жағдайда Қазақстандық Кітапханалық Одақ төрайымымен, ҚКО басқару кеңесі мүшелерімен немесе кітапханалардың өкілетті лауазымдық тұлғамен салтанатты түрде табыс етіледі.

4.2. «ҚАЗАҚСТАННЫҢ ҚҰРМЕТТІ КІТАПХАНАШЫСЫ» төсбелгісінің есебі Қазақстандық Кітапханалық Одақ басқару кеңесімен жүзеге асырылады.